



**ТАУ ТУРИЗМІН  
ДАМУҒА  
МҮМКІНДІК  
МОЛ**


3-бет



**Санжырбай АХАТАЕВ,**  
Түркістан облысы  
Кентау ауданаралық  
сот актілерін орындау  
жөніндегі аумақтық бөлімі  
филиалының аға сот  
орындаушысы:

**«ТЕГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ  
КЕҢЕСКЕ СҰРАНЫС  
ЖОҒАРЫ»**

5-бет



**МОЛАДАҒЫ  
МАНЕЖ**

8-бет

# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru №76 (3607) 10 қазан 2023

ZANMEDIA.KZ Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



ЖАҢҒЫРЫҚ

## «АРЗАН СОТ ҚЫМБАТҚА ТҮСЕДІ...»

Республикалық «Заң газетінің» 2023 жылғы 8 қыркүйектегі нөмірінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы Өмірсерік Қожабаевтың «Отставкадағы судьялар құрмет пен мәртебеге лайық» деген мақаласы жарық көрді. Әріптесіміздің осы мақаласын оқыған соң, өз пікірімді төл басылымымыз арқылы білдіруді жөн көрдім.

Судьяларға қатысты түйткілді мәселелер сарапқа салынған бұл мақаланың түпкі мәнін басқа жұрт түсінбеуі мүмкін. Жалпы, судьялар тәуелсіздігіне кепілдік беретін тетіктерді назардан тыс қалдырмау – мемлекет үшін де, азаматтар құқығын қорғау үшін де аса маңызды.

Кейбіреулер субъективті көзқарасқа басымдық бере отырып, судьялардың мәртебесін көтеру дегенге атүсті қарайды. Тіпті, «неге тек судьялардың мәртебесін көтеру керек?» деп ренжитіндер де бар. Азаматтар бұл сөздің маңызын сотқа ісі түскенде ғана түсінеді. Өйткені, сотқа жүгінген кезде адам әділдік пен бейтараптықты іздейді. Адамдардың сот қызметіне деген теріс көзқарасы қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік процесте жеңіліс тауып, Фемиданың шешіміне наразы болған сәттен туындайды. Мұндай жағдаймен бетпе-бет келген азаматтардың сот билігіне қатысты пікірі төмендей береді.

Сондай-ақ, судьялардың еңбек-ақысына қатысты ұсынысты да азаматтардың жылы қабылдай қоймайтыны байқалады. Тіпті бұқаралық ақпарат құралдарында судьялардың еңбекақысы мен зейнетақысының көлемін біліктілігі жоқ жұмысшылардың, зейнеткерлердің табысымен салыстырып, айырмашылықты өзгеше түсіндіретіндер бар. Ақпараттық кеңістікте кең таралған: «неліктен судьяларға жоғары жалақы төленуі керек? Неге оларға жақсы зейнетақы берілуі керек?!» деген қитұрқы сұрақтардың да астарында зерттелмей айтылған ұшқары пікір жатыр. Осындай пікірлерді естігенде «Сіздерге арзан сот керек пе?» деп сұрағың келеді.

(Соңы 2-бетте)

(Соңы 4-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ ӨЗІНЕН-ӨЗІ РЕТТЕЛМЕЙДІ



Елімізде жолаушы тасу ісі өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беріліп, саланың бар мәселесін шешу соларға жүктелмек. Жаңадан құрылған Көлік министрінің қабылдаған алғашқы шешімі осындай болып отыр.

Құзырлы орын бұл шараның жүзеге асырылуын құқықтық тұрғыда негіздеу мақсатында арнайы заң жобасын әзірлеп үлгеріпті. Жаңа министрлік жақында жаңа құжатын Парламент Мәжілісіне әкеп таныстырды. Бұл рәсім заң жобасының тұсауын ғана кеспей, жолаушылар тасымалы ісіндегі шешімін күтіп, қордаланып тұрған қыруар мәселені «су бетіне шығарды». Ондағы шенеуніктердің де деңгейін көрсетіп тастады.

МӘСЕЛЕ

## ЖАЗҒЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНДАҒЫ КӨРСЕТКІШІМІЗ ТӨМЕН

Қыркүйектің 23-і мен 8 қазан аралығында Қытайда өткен XIX Жазғы Азия ойындарында Қазақстан алғаш рет жалпыкомандалық есепте үздік ондыққа іліге алмады. Өкінішке қарай, сыннан нәтиже шығарудың жолын іздеуден гөрі, салаға жауапты мамандар жұртшылықты алдарқатуын тоқтатар емес.

Тарихи 1951 жылдан басталатын бұл дүбірлі додаға Қазақстан 1996 жылдан бері қатысып келе жатыр. Командалық есепте 1994–2014 жылдары үздік бестіктен көрініп жүрген Қазақстан 2018 жылы тоғызыншы орынға сырғыған кезде-ақ еліміздің спорт саласындағы білікті ғалымдары біз спортшылардың физика-



лық дайындығынан емес, әдістемелік тұрғыда ғылыми қолдаудың жоқтығынан жеңіліс таптық дегенді ашық айтқан болатын. Алайда, салаға жауапты құзырлы орган басшылары мамандар пікірін назардан тыс қалдырды.

«Алматыдағы Қазақ спорт және туризм академиясының құрамындағы Спортты ғылы-

ми-зерттеу институтының мүмкіндігі шектеулі. Бізге Алматыдан не Астанадан спортты зерттейтін мамандандырылған жеке ғылыми-зерттеу институты керек және ол тікелей министрлікке бағынып, бүкіл материалдық-техникалық және қаржылық мәселелері республикалық бюджеттен қарастырылуы тиіс. Онсыз біз спорттағы көрсеткішімізді жақсартпаймыз. Жаңа министрдің спорттық оқу орындарын аралап 2024 жылы мемлекеттік зерттеу институтын ашамыз деуі ғана үміт отын қайта тұтатты. Өйткені, ғылымға арқа сүйеп, саланы клубтық жүйеге түсіргенде ғана Қазақстан Олимпиада ойындары сияқты дүбірлі додаға тұрақты нәтижеге жетеді. Ал әр аймақ өз көрсеткішін жақсарту үшін легионерге арқа сүйеп, бюджет қаржысын оңды-солды жұмсай беретін болса оның қазақ спортына пайдасы аз», – дейді белгілі спорт зерттеушісі, педагогика ғылымдарының докторы Бауыржан Досқараев. Оның айтуынша, арнайы ғылыми-зерттеу институтын ашу туралы ғалымдардың ұсыныс айтып келе жатқанына 20

жылдан асты. Сала басшылары идеяларыңызды толық қолдаймыз, Үкіметке ұсыныс та жасалды деп құрғақ уәдемен алдарқатып келген. Сондықтан 2024 жылы Францияда болған Жазғы Олимпиада ойындарында көрсеткішіміз дұрысталады деуге әзірге еш негіз жоқ. Өйткені, әрбір олимпиадалық цикл 4 жылдан тұрады. Ал бізде таланттарды іріктеуде спорт мектептерінен бастап, спорт колледжері бен олимпиадалық даярлық орталықтары сияқты сатыларда бірізділік жоқ. Әркім өзімен өзі. Сондықтан біз Жазғы Азия ойындарында жинаған барлық медальдар саны бойынша үздік бестіктеміз деп халықты алдарқатпай, барын бар, жоғын жоқ деп ашық айтуымыз қажет.

Кемшілікті түзету үшін құзырлы орган өкілдері әрбір спорт түрі бойынша спортшылар, бапкерлер, ғалымдар және өзге де спорт жанашырларының пікірі мен ұсыныстарын тындап отырып, тиісті шешім қабылдауы тиіс. Онсыз Қазақстан ешқашан спортта дамыған ел қатарына қосылмайды. Құрлықтық, әлемдік және олимпиадалық ойындарда жеңімпаз атанып, жүлдегерлер қатарынан көрінген спортшылар мен оларды дайындаған мамандарды ынталандыру үшін тағайындалған жүлде қорын ұлғайту да айтарлықтай нәтиже әкелмейді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

# ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ ӨЗІНЕН-ӨЗІ РЕТТЕЛМЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жобаны таныстыру сәтінде Көлік департаментінің төрағасы Алтай Әли депутаттар сауалына жауап бере алмай, әбден қызарақтады. Байқауымызша, министрлік тасымал ісін өзін-өзі реттеуге беруде асығыстық танытқан сияқты. Әлде жиында кейбір депутаттар айтқандай, саланың өзі атқара алмайтын шаруасын жекеге жүктеп, қиындығынан басын арашалауды оқар етіп отыр ма? Отырыста мақсат бұл сауалға барынша өз уәжін айтып, жауап беруге тырысқанымен, көңілде күдік қалды.

Жалпы автокөлік саласын басқарудағы төрт функцияны өз-өзін реттеуге беру 2020 жылдан бері қаралып келе жатқан мәселе. Олар тұрақты 61 халықаралық, 189 облысаралық және тұрақты емес 625 автобус тасымалы, сондай-ақ 2833 такси тасымалы ұйымдастыру шарасы. Баяндамашының айтуынша, бұл уақыттың талабына сай кәсіпкерлікті реттейтін стандарттар мен ережелерді жылдам қабылдауға, бюрократия, жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, тасымалдаушылардың біліктілігін үнемі арттырып отыруға, тасымал қызметін бақылау тәсілін жетілдіруге, тасымал қауіпсіздігін күшейтуге мүмкіндік береді. Яғни, өзін-өзі реттеуге функцияларды берген кезде тасымалдау процесін бақылау мемлекеттік деңгейден өзін-өзі реттеудің ішкі ұйымдастырушылық деңгейіне өтеді. Ол тасымалдау нарығына қатысушы ретінде өзінің әрбір мүшесінің жұмысын бақылай

жаман емес. Сондықтан жолушылар тасымалын да өзін-өзі реттеуге беруден ұтпасақ, ұтылмаймыз.

Алайда, депутаттардың көпшілігі Әли мырзаның бұл сенімін қуаттамады. Алдымен сөз алып, сұрақ қойған Мархабат Жайымбетов осы тәжірибенің ТМД елдерінде өзін-өзі ақтамай, сыбайласқан жемқорлыққа алып келгенін айтты. Сол секілді өзі қызмет етіп келген құрылыс нысандарына сараптау ісін бәсекелестік ортаға беру, бұл жұмыстың сапасын құлдыратып жіберген. Кейін бұл іс мемлекетке қайтару арқылы ғана түзеліпті. Сондықтан өзін-өзі реттеу ұйымдарына жолушы тасымалы ісін беру ондағы өзекті мәселелерді ұшықтырады.

Бұл пікірді өзге депутаттар да айтты. Мәселен, депутат Анас Баққожаев қазіргі таңда ауылшаруашылығындағы кейбір ұйымдардың монополияға айналып, байлыққа белшесінен батып отырғанын мысал етіп, жолушылар тасымалы саласында да осындай жағдай қалыптасуынан қауіптенетінін алға тартты.

Құзырлы орын өкілдері күмәнді сөйлетуге тырысты. Олардың айтуынша, нарықта жүрген тасымалдаушылар 33 пайыздан бөлініп, үш ұйымға бірігеді. Осы арқылы ұйымдар өз арасындағы жұмысты қосымша бақылайтын орган болады деген үміт бар. Мемлекеттік орган бұл істен шет қалмай, жұмыстың барысын қадағалап отырады. Қазіргі таңда құзырлы орын үшін жолушылар тасымалын қадағалау үлкен салмақ. Әсіресе, аудандық, облыстық жол басқармасындағы

өледі» дегендей, бір жағында тасымалдаушылардың әлеуметтік жағдайы тұрса, екінші жағында көліктер сапасы тұр. Елдегі жұмыс орындары тапшылығынан қаншама отбасы жолушы тасымалдап, жан бағып отырғаны ешкімге құпия емес. Олардың көптігі сондай, жолушы тасымалы ісі бұрыннан бәсекелестік ортада әрекет етіп жатыр десе де болады. Соның дәлелі қазір тұрақты көлік бағыттары жоққа тән. Автовокзалдардағы касса жұмыс істемейді, арнайы тұрақтардан да бұрынғыдай жолушылар көлігін көрмейсің. Жолушы таситын жекеменшік көлік иелері өздеріне ыңғайлы орында тұрып, бұл нарықты қыздырып жатыр. Көбісінің көлігі тиісті талапқа сай емес. Арнайы бекітілген ереже бойынша әрбір көлік зауыттан шыққаннан кейін 6 жылдан соң күрделі жөндеуден өтуі керек болса, біздегі көліктердің арасында кеңес өкіметінен келе жатқандар баршылық.

Құзырлы орган өкілі келтірген мәліметте көрсетілгендей, бүгінде қалалық бағыт бойынша жүретін 10525 автобустың 46 пайызы, облысаралық қатынастағы 2 056 автобустың 68 пайызы, халықаралық жолмен жүретін 610 автобустың 84 пайызы тозған. Мұндай жағдайда жолушылар тасымалы сапасын қалай жолға қоюға болады? Бұған өзін-өзі реттеу ұйымдары не істей алады? Жалпы осындай жағдайда бақылаудың, реттеудің қандай тиімділігі болмақ? Жиында бұл сұрақтар да қойылды. Өкінішке қарай, бұған қатысты құзырлы орган өкілдерінің жауабы мардымсыз. Мәселен, Алтай Әли мырза «бізде аймақаралық жолдар үшін қысқа автобустар шығарылу керек, таксилерге арналған көліктердің өндірісі жолға қойылу керек тек қашан орындалары белгісіз» деп арманын айтты. Сосын осы шаруалар қамтылған мемлекеттік бағдарлама түзілуі қажеттігін мәлімдеді. Осындай күмәнмен өзін-өзі реттеу ұйымы өздері ойлағандай қалай бес жылда оң нәтиже береді? Мұндай оптимизм құр үмітпен емес, нақты шаралармен айқындалуы қажет емес пе?

Жиында бұл сауалды депутат Мұқаш Ескендіров қойды. Ол сонымен қатар мәселеге қатысты өз ұсынысын да қосты. Депутат бұл орайда бүгінде темір жол, әуе қозғалысы үшін субсидия бөлініп жатқанын, тіпті жекеменшік әуе компаниялардың осындай қолдауға ие болғанын айта келіп, жолушылар тасымалына да қомақты қаржы бөлу қажеттігін мәлімдеді. Оның айтуынша, бұл қаржы көліктерді жаңалауға мүмкіндік береді. Алдымен мемлекеттік бағдарлама қабылдап, осындай мәселелерді шешіп алып, содан соң ғана бұл саланы бәсекелестік ортаға беру керек. Қазіргі жағдайда мемлекеттің өзі реттей алмай отырған мәселені жекеменшік ұйымдардың жолға қоюы күмәнді. Құзырлы орының бұл мәселеге қатысты нақты жауабының болмауы шараның оң нәтиже бермейтінін әлден-ақ көрсетіп отыр.

Әли мырза бұл базынаға қарсылық танытып бақты. Оның айтуынша, құзырлы орын өзін-өзі реттеу ұйымдарының көмегіне жүгінуге мәжбүр болғандықтан, осындай қадамға барып отыр. Мемлекеттік орган тасымал саласындағы мәселелерді жалғыз шеше алмайды. Бұл үшін қызметкер санын арттыру қажет. Ал, қазіргі талап олардың санын қысқартуға негізделген. Осы шараның нәтижесінде де әкімшіліктегі көлікке қатысты қызметкер екі адамға кемірек. Сондықтан өзін-өзі реттеу ұйымдарына иек артқаннан өзге жол жоқ. Бүкіл әлем осылай шешіп жатыр. Ешбір әрекетсіз отырғанша, бір істі бастау керек, оң нәтиже береді деп сену керек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының шешімімен отставкадағы судья Бекқожа Балғожаұлы Тайғожиевке «Ақтөбе қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.



## СОТ АРДАГЕРІ «АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТАНДЫ

Б.Тайғожиев – отставкадағы судья, «Үш би», «Облыстың үздік судьясы», «Ақтөбе облысының үздік заңгері», «Ойыл ауданының Құрметті азаматы» құрмет белгілерінің иегері. Әріптестер Б.Тайғожиевті ширек ғасыр көлемінде мыңдаған іс бойынша әділ шешім қабылдаған, азаматтардың бұзылған құқығын қалпына келтірген және өзінен кейінгі жас судьяларға кәсіби біліктілік пен адамгершілік өнегесін көрсете білген ардақты азамат ретінде таниды.

Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Айдар Смағұлов салтанатты

шара аясында Б.Тайғожиевтің сот жүйесін дамытудағы жоғары еңбегін атап өтіп, «Құрметті азамат» белгісін тапсырып, оған зор денсаулық тіледі. Ұжым атынан азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Разия Ахметова мен Судьялар одағы филиалының төрағасы Нұрлыбек Ормаханов құттықтау сөз сөйледі. Б.Тайғожиев еңбегін бағалап, илтипат көрсеткен, кездесуді ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Ақтөбе облыстық сотының баспасөз қызметі

### ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

## ДӘЛЕЛДЕУ АУЫРТПАЛЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНҒА ЖҮКТЕЛГЕН

«Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында Мемлекет басшысы «2021 жылғы 1 шілдеден бастап әкімшілік әділет жүйесі жұмыс істей бастады. Бұл институт мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастырады. Заңнамадағы барлық қайшылықтар мен көмескіліктер азаматтар мен бизнестің мүддесіне орай түсіндірілетіні заң жүзінде қамтамасыз етілді», – деген еді.

Еліміздің құқықтық жүйесінде жария-құқықтық дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде енгізілген әкімшілік әділеттің жұмыс істегеніне екі жылдан астам уақыт өтті. Осы аралықта бірыңғай сот тәжірибесі қалыптасып үлгерді десек қателеспейміз. Статистикалық дерекке сәйкес, биылғы 6 айда республикада шешімнің 64% талапкерлер пайдасына шығарылып, талаптың 73% қанағаттандырылған.

Әлем елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып жасалған ауқымы кең жаңа жүйелі жаңашылдықтар жетерлік. Мәселен, әкімшілік әділетте адам өз талабының дұрыстығын дәлелдеп жатпайды. Себебі, дәлелдеу ауыртпалығы мемлекеттік органға жүктелетінін атап өткен жөн. Ал, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 130-бабына сәйкес, сот мәлімделген талаптармен шектеліп қалмайды. Әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Сот процестің барлық сатысында формальды қателерді жоюға, түсініксіз сөздерді нақтылауға, әкімшілік істің мәні бойынша өтінішхаттарды беруге, толық емес нақты деректерді толықтыруға, әкімшілік істің мән-жайын айқындау мен объективті бағалау үшін маңызды бар барлық жазбаша түсініктемелерді беруге жәрдемдесуге міндетті. Тіпті, қатысушылар ұсынған дәлелдемелер жеткіліксіз болса, сот оларды өз бастамасымен жинай алады. Сонымен қатар, судья құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға да құқылы.

Әкімшілік талап қою дегеніміз жария-құқықтық қатынастардан туындайтын, бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарды, бостандықтарды немесе заңды мүдделерді қорғау және қалпына келтіру мақсатында сотқа берілген талап. Жалпы, кодекс бойынша тараптар дау айту, мәжбүрлеу, әрекет жасау, тану туралы талап қою бере алады.

Әкімшілік әділетте татуластыру рәсімі жиі қолданылады. Заңға сәйкес, тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партициптивтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасау арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Мәселен, өңір бойынша 9 айда 90 іс бойынша татуласу келісімі жасалып, 17 іс медиациямен аяқталған. Егер де тараптар татуласу, медиация немесе дауды партициптивтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімге қол жеткізбесе немесе сот келісімшартын бекітпесе, әкімшілік істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Процестік мәжбүрлеу шаралары ретінде ескерту, сот отырысы залынан шығарып жіберу, ақшалай өндіріп алу қолданылады. Нәтижесінде, кодекс аз ғана уақыттың ішінде мемлекеттік органдарды тәртіпке келтіреді. ӘРПК-нің 127-бабының талабын бұзып, соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы бола тұра сотқа келмегені, яғни сот талаптарын орындамағаны және сотқа құрметтемеушілік танытқан әкімшілік процеске қатысушыларға, оның ішінде қала, аудан әкімдеріне және т.б. тұлғаларға өңірде 27 ақшалай өндіріп алу қолданылған.

Қорыта айтсақ, мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттеп берген әкімшілік әділет реформасы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құрудың тиімді құралына айналып отыр.

Қанат НҰРҒАБЫЛҰЛЫ,  
Мұнайлы аудандық сотының судьясы  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

**Д**епутат бұл орайда бұл үзінде темір жол, әуе қозғалысы үшін субсидия бөлініп жатқанын, тіпті жекеменшік әуекомпаниялардың осындай қолдауға ие болғанын айта келіп, жолушылар тасымалына да осындай қаржы бөлу қажеттігін мәлімдеді. Оның айтуынша, бұл қаржы көліктерді жаңалауға мүмкіндік береді. Алдымен мемлекеттік бағдарлама қабылдап, осындай мәселелерді шешіп алып, содан соң ғана бұл саланы бәсекелестік ортаға беру керек. Қазіргі жағдайда мемлекеттің өзі реттей алмай отырған мәселені жекеменшік ұйымдардың жолға қоюы күмәнді. Құзырлы орынның бұл мәселеге қатысты нақты жауабының болмауы шараның оң нәтиже бермейтінін әлден-ақ көрсетіп отыр.

алады. Кәсіби әлсіз тасымалдаушыларды ығыстырып отыратын пікірлестер одағында жұмыс істеуге жол ашылады. Уәкілетті органдармен белгіленген дамудың негізгі бағыттарын ұстана отырып, сапалы стандарттар мен қағидаларды жедел қабылдайды.

Бұл шешімді салалық қауымдастықтар құптап отыр екен. Мәселе ортаға салынғанда «Қазақстанның азаматтық альянсы», «KAZLOGISTICS» көлікшілер одағы сияқты үкіметтік емес ұйымдар бір ауыздан қолдапты. Әли мырзаның айтуынша, шешімге келмес бұрын халықаралық тәжірибе барынша зерделенген. Оларда өзін-өзі реттеу ұйымдары экономиканың барлық саласында жұмыс істеп, өз тиімділігін көрсетіп отыр. Білікті сарапшылары бар, бір саланың ғана мәселесімен айналысатын жеке ұйымның болуы, саланың жылдам дамуын қамтамасыз етеді.

Негізінде, елімізде автокөлікпен жүк тасымалы бәсекелестік ортаға берілді. 1994 жылы Қазақстан халықаралық автотасымалдаушылар одағы құрылып, оның құрамына сол кезде 253 автокөлігі бар 36 компания кірген. Қазіргі уақытта КазАТО 7650 автокөлікке иелік ететін 370 компанияны біріктіреді, олар ТІР жүйесі бойынша жұмыс істейді және отандық тасымалдаушылардың халықаралық нарықтағы үлесі 2022 жылы 41 пайызды құраған немесе 2,8 млн тонна жүкке жеткен. Яғни, нәтиже

бар болғаны 3-4 адамның тасымал сапасын бақылауға мүмкіндігі жоқ. Көлік инспекциясының бір бекеті қадағалайтын жолдың ұзындығы 5 мың шақырым. Бұл өте үлкен жүктеме. Ал, жұмыс сапасына баға беру, шара қолдану тетігіне қатысты сауалға орай, жол-көлік оқиғасы көп орын алған өзін-өзі реттеу ұйымдарының мемлекеттік реестрден шығарылып тастайтындығы айтылды.

Депутаттар сұрағына орай әлсіз тасымалдаушыларды ығыстыруға қатысты мәселенің қалай шешілетіндігі де белгілі болды. Мұндай санатқа бір ғана автобусы бар, оның жүргізуші де, жөндеушісі де өзі, тиісті инфрақұрылымы жоқ тасымалдаушы жатады. Өзін-өзі реттеу ұйымдары оларды нарықтан шығаруда ортақ шешімге келе алады. Депутат Нұртай Сабильянов бұған қарсы болды. Ол бұл орайда осындай жалғыз автобус беру емес, бірнеше талбасының күнкөрісі болып отырғанын, оларды нарықтан ығыстыруға жол берілмейтінін айтты. Оған құзырлы орган өкілі нақ осындай автобус жүргізуші ауласында жөнделіп, жолға шыққан автобустың пеші сапар барысында істен шығып, отпен қолдан жылытулы салдарынан өртеніп, елу адамның қаза тапқанын ортаға салып, ойландырып тастады.

Жалпы, бұл салада түйткілді мәселе өте көп. «Былай тартсаң арба сынып, былай тартсаң өгіз

БІР МҮДДЕ

# ТАУ ТУРИЗМІН ДАМЫТУҒА МҮМКІНДІК МОЛ

Алматы Орталық Азиядағы тау туризмінің көшбасшысы бола алады. Бұл «Almaty Mount Fest – 2023» халықаралық тау фестиваліне келген шетелдік сарапшылардың бағасы. Оған көршілес Қытай, Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан ғана емес, Андорра, Грузия, Испания, Түркия, Франция және тағы басқа алыс шет елдердің 2 мыңға жуық спортшылары мен тау туризм саласындағы ұйымдардың өкілдері және халықаралық сарапшылар қатысты. Фестиваль аясында тау туризмін насихаттауға және ілгерілетуге арналған спорттық және бұқаралық іс-шаралар өткізіліп, «Тау туризмін дамытудағы жаңа мүмкіндіктер» деген тақырыппен халықаралық форум ұйымдастырылған болатын.

Форумның жұмысы – «Үздік халықаралық және жергілікті тәжірибелерге сүйене отырып, таулы жерлерде тұрақты туризмді қалай дамытуға болады»; «Креативті индустрия – тау туризмін дамыту драйвері»; «Таулы аймақтағы инклюзивті туризм – тау туризмін барлығына қалай қолжетімді етуге болады»; «Тау гидтері: әлемдік тәжірибе және оның Қазақстанға бейімделуі» деген тақырыптағы панелдік сессиялар бойынша жүрді.

– Бұл менің Қазақстанға алғаш рет келуім. Пандемиядан кейін креативті туризм мен туризмнің тұрақты дамуының өзектілігі арта түсті. Әлемнің көптеген елдері,

әсіресе Еуропа мен тау туризмі дамыған елдер пандемиядан кейін оны қалай жылдам қалпына келтіруге ойластыруда. Өйткені, ол жергілікті экономикаға серпін беретін сала. Кейде халық арасында туристер ағынынан қорқатындар кездеседі. Егер бәрін жүйелі түрде ұйымдастырса, оның пайдасы көл-көсір. Мәселен, Андорраның жер көлемі бізде бізге бір тұрғынға 100 туристен келеді. Жер көлемі үлкен және 1 шаршы шақырымға шаққанда халық тығыздығы айтарлықтай төмен Қазақстанда зор әлеует бар. Сіздердің тұрақты және креативті туризмге зор көңіл бөліп жатқандарыңыз қуантты. Өйткені, оған барлық елде көзқарас бірдей емес, – деді Андорра туризм министрілігінің кеңесшісі Вероника Канал.

Халықаралық сарапшы, Самарканд туристік форумының негізін қалаушылардың бірі, өзбекстандық Михаил Шамшидовтың айтуынша, туризм саласында армандау бір бөлек, әрекет ету мүлде бөлек. Бәрі шетелден сахатшыларды көбірек тартқысы жетімді етуге болады. Халықаралық туризм картасында енді қалыптасып жатқан Орталық Азия елдерінің бұл аймаққа бірден көп саяхатшы тартуы мүмкін емес. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанда туристік ұйымдардың туристік бағыттарды бірлесіп жасауға мүмкіндігі бар. Әлемдік нарықта өзімізді таныту үшін мұндай

альянстың маңызы зор. Өйткені туризмде бәсекелестік өте жоғары.

– Ерекше мәдениеті, бірегей тарихы, әсем табиғаты және қолайлы бизнес-климаты бар елімізде туристік саланың әлеуеті өте жоғары. Биылғы жартыжылдықта Алматыға 972 мыңнан астам адам саяхаттап келді. Бұл былтырғы сәйкес кезеңнің көрсеткішінен төрттен біресе артық боп тұр. Биыл Германия, Үндістан, Қытай, Оңтүстік Корея, Түркия және араб елдерінен келетін туристер ағыны өсті. Таулы соқпақтарды абаттандыру, жауу маршруттар құру және жаңа кемпинг-аймақтарды ашу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туристік саланың серпінді дамуына ықпал етеді, – дейді Алматы қаласы туризм басқармасының басшысы Фалия Токсейітова. Оның сөзіне қарағанда, туризм басқармасы тау инфрақұрылымын дамытуға көп көңіл бөледі. Бүгінгі таңда Ақбұлақ және Мыңжылқы кемпинг-аймақтарының жұмыстары аяқталды, онда шатырлар, орындықтар бар үстелдер, ұлттық үлгідегі алтыбақан орнатылды. Жыл соңына дейін жалпы ұзындығы 150 шақырым болатын 12 тау бағытын абаттандыру және Үлкен Алматы өзенінде кемпинг-аймақ орнату бойынша жұмыстар жүргізу жоспарланған.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

АЙМАҚ



## СЫР ЕЛІНЕ ТАРТУ

Құны 4 млрд 800 млн теңгені құрайтын музыкалық колледж ғимараты Қызылорда облысының орталығында бой көтермек. Бұл жайлы өңір басшысы Нұрлыбек Нәлібаев «Саутс-Ойл» компаниясының президенті Серікжан Сейітжановпен кездесу барысында хабарлады.

Екі тарап оқу мекемесінің жаңа ғимаратын салу жобасы бойынша өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Сонымен қатар, колледж жанынан жатақханасы да салынады. Нысан сыйымдылығы – 650 орындық. Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің қазіргі ғимараты 1983 жылы салынып, бүгінгі таңда тозығы жеткен нысандардың қатарында тұр. Көне ғимарат 350 орындық сыйымдылықта ғана, сонымен қатар, заман талаптарына сай еместігі тағы бар. Облыс әкімі Н.Машбекұлы Қызылорда облысының 85 жылдық мерейтойына тарту ретінде атаулы компания қаржысына салынатын жаңа колледж нысаны бұл оққылықтардың орнын толтыратынын тілге

тиек етті. Сондай-ақ, аймақ басшысы «Туған жерді бірге түлетейік!» атты Президент үндеуін қолдаған жергілікті кәсіпкерлер, облыстан шыққан меценаттар қайырымдылық шараларына, туған жерді көркейтуге белсенді атсалысып жатқанын ерекше айта кетті. Ол өз сөзінде, «Биыл Сыр өңірінде облыстық филармония жанынан тұңғыш рет симфония оркестрі құрылды. Оркестр құрамына ішекті, үрмелі және ұрмалы аспапты игерген 30 кәсіби музыкант қабылданып, ұжым 50-ден аса маманмен жасақталды. Жаңа ғимаратта симфония оркестрі шығармашылығын шыңдап, үлкен концерттерге дайындық жүргізеді. Осындай жаңа орталықтар өңір халқына арналған ізгі істердің ордасы болатыны сөзсіз», – деді.

Атаулы жоба «Саутс-Ойл» компаниясының Сыр еліне жасаған тұңғыш тартуы емес. Бұған дейін де Қызылорда қаласында 1,9 млрд теңге қаржыға «Нұрсат» спорт кешенін

және Арал ауданы, Қамыстыбас көлінің жағасына балалардың оқу-сауықтыру орталығын өз қаражаты есебінен салған болатын.

Келісімге қол қою рәсімінде «Саутс-Ойл» компаниясының президенті Серікжан Сейітжанов сырбайлықтарды облыстың 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтады. Кіргіші қаланатын жаңа колледж ғимараты музыкаға қызығушылығы бар шығармашыл жастарға көп мүмкіндік беретініне, кәсіби білікті музыканттарды тәрбиелеп шығуға үлес қосатынына сенім білдірді.

Сонымен қатар, жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері Назмадин Мұсабаев, Мұрат Бақтиярұлы, Қылышбай Бисенов, Ибрагим Әбануллаев, Кеулімжай Ботабаев қатысып, Сыр халқын жаңа ғимараттың бастамасымен құттықтады.

Жиыннан кейін Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев пен «Саутс-Ойл» компаниясының басшысы Серікжан Сейітжанов қала орталығынан ашылған жаңа ғимараттармен танысты. Неке сарайы мен «Анаға тағзым» орталығында болды.

**Ш.ЖАЛФАСБЕКҰЛЫ**

КӨКЖИЕК

Қызылорда облысының жылдық бюджеті 604,1 млрд теңгеге жетті. Оның ішінде білім саласына бағытталған қаржының үлесі басым, 245 млрд теңгені құрайды. Атаулы қаржы аясында өңір аумағында түрлі білім мекемелері салынауда.



## БІЛІМГЕ ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ КЕМІМЕЙДІ



Солардың бірі – Қызылорда қаласының «Бәйтерек» шағын ауданында ашылған №287 орта мектебі. Облыстың 85 жылдық мерейтойы және 5 қазан – Мұғалімдер күні мерекесі аясында қолданысқа берілді. Бүгінде облыс орталығының шеткі аймақтарында халықтың тығыз қоныстануы белең алып тұр. Соған сәйкес, әлеуметтік нысандардың көптеп салынуына қажеттілік туындауда. Жаңадан ашылған мектеп бұл олқылықтың орнын толтыруға мүмкіндік бермек.

Білім мекемесінің ашылу салтанатына Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев және зиялы қауым өкілдері, облыстық білім саласы ардагерлері кеңесінің төрағасы Ғалым Бекенов, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Қорғанбек Қайруллаев қатысты. Өңір басшысы Бәйтерек ауданының тұрғындарын жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, оқу маусымына сәттілік тіледі.

– Осы жылы 10 мектептің құрылысы басталса, оның бе-

сеуі облыс орталығында бой көтереді. Бұған дейін қаламызда бір ғана Оқушылар үйі болса, «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен 2,3 млрд теңгенің 350 орындық заманауи үлгідегі Оқушылар сарайы құрылысы жақын күндері басталады. «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен Сырдария өзенінің сол жағалауынан құны 4,8 млрд теңгені құрайтын музыкалық колледждің жаңа ғимараты құрылысын қараша айында бастап, ауыл балаларына арналған 900 орындық 4 мектепті жыл аяғына дейін табыстаймыз», – деді әкім.

Жаңа мектептің ашылу салтанатымен қатар, облыс әкімі Н.Машбекұлы Н.Бекеежанов атындағы Қызылорда драма театры ғимаратының сахнасында өткен мерекелік кешке қатысты. Сыр педагогтерін кәсіби мерекесімен құттықтап, ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлестері үшін құрметпен алғыс білдірді. Ұстаздар мәртебесі ұлық-

талған салтанатты іс-шарада Сыр педагогикасының елеулі тұлғасы, ардагер ұстаз Әлима Әбдіқалықова Қызылорда облысының Құрметті азаматы атанды. Іргелі оқу орындарының бірі Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейі «Орта білім беретін үздік ұйым» облыстық байқауының жеңімпазы атанып, 34 млн теңгемен марапатталды. Сонымен қатар, білім беру ісіндегі озық қызметі үшін бірқатар қызылордалық мұғалімдер ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен облыс әкімінің алғыс хатымен, «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағымен, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Еңбек ардагері», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағымен марапатталды.

Айта кетейік, биыл облыс бойынша 180 мыңнан аса қызылордалық оқушы мектептерде білім алуда. Алғаш мектеп табалдырығын аттаған оқушылардың саны – 17 мыңнан асып жығылды. Нәтиже де көңілсіз емес. Мәселен, өткен оқу жылында Ұлттық бірыңғай тестілеуге 7 219 түлек қатысса, оның 4 973-і мемлекеттік грант иегері атанды. Сонымен қатар, өңір дамуына қажетті деп танылған мамандықтарға облыс әкімінің арнайы 100 гранты тағайындалды. Ол үшін өңір қазынасынан 85,2 млн теңге қаржы қаралған.

**Ш.ЖАЛФАСБЕКҰЛЫ**

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ КОММЕРЦИЯ НАРЫҒЫ ЖАНДАНАДЫ

Алматыда Орталық Азиядағы электрондық коммерция бойынша «Central Asian E-commerce Forum – 2023» бірінші халықаралық форумы өтті.

Оған 300-ге жуық делегаттар, мемлекеттік және халықаралық құрылымдардың, жетекші отандық және шетелдік маркетингтердің, қаржы және АТ-салаларының, өңірдің цифрлық экономикасын дамытатын кәсіпорындар мен стартаптардың өкілдері, сондай-ақ 6 елден келген тәуелсіз сарапшылар, инфлюенсерлер және журналистер қатысты.

Қазақстанның Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанованың айтуынша, Орталық Азияның өнеркәсіптік, сауда-логистикалық, зияткерлік, кадрлық және ғылыми-цифрлық зор әлеуеті бар. Бұл жақын болашақта аймақтағы елдердің өзара тауар айналымын 15 млрд АҚШ долларына дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Қазақстан өңірде е-commerce бойынша жетекші орынға ие. 2022 жылдың қорытындысы бойынша нарық көлемі шамамен 4 млрд долларды немесе бөлшек тауар айналымының жалпы көлемінің 12,5% құрады. Сондықтан Орталық Азияның барлық елдерінде электрондық коммерцияны үдемелі дамыту үшін қағазсыз сауданың қолайлы эжохүйесін құру үшін күш-жігерді біріктіру қажет. Ондағы бірінші қадам е-commerce дамыту жөніндегі Орталық Азия елдерінің келісімін әзірлеу және қабылдау болуы мүмкін.

Сарапшылардың пікірінше, Орталық Азия өңірінің жаһандық электрондық ком-

мерция нарығындағы үлесі 0,1% құрайды, бұл дамудың орасан зор әлеуетін көрсетеді. Маркетплейстердің рөлі артып келе жатқаны және олардың өсуін сақтау маңызды екендігі атап өтілді. Келесі жылы онлайн операциялардың 72% дәл маркетплейстерде болады деп күтілуде. Нарық сарапшылары Орталық Азия өңірінде даму мүмкіндіктерін тартымды инвестициялық ортамен, деректерді талдаумен, сауда дәліздерін кеңейтумен байланыстырады. ҚР сауда және интеграция министрлігі Қазақстан үшін ең үздік заманауи сауда-логистикалық хабтардың бірі болу міндетін белгіледі. Е-commerce нарығына кіру үшін Орталық Азия елдерінің күш-жігерін біріктіру мәдени және тарихи тамыры ортақ аймақ үшін тиімдірек болар еді.

IMARC Group мәліметтері бойынша, Орталық Азиядағы электрондық коммерция нарығының көлемі 2022 жылы 8 миллиард АҚШ долларына жетті және алдағы бес жылда 25,4% өседі деп жоспарлануда.

«Бүгін біз бәріміз цифрлық экономиканың қатысушысы болдық: карталар мен смартфондарды пайдаланамыз, қашықтан онлайн сатып алулар жасаймыз, таксилерді пайдаланамыз және үйге жеткізуге тапсырыс береміз. Соңғы жылдары Орталық Азия аймағында электрондық коммерцияның айтарлықтай өсуі байқалғанымен, кәсіпкерлер е-commerce ұсынатын барлық мүмкіндіктер мен артықшылықтарды тиімді пайдалана алатын көптеген тауашалар бар. Форум құнды қарым-қатынас пен жемісті серіктестік

орнатуға тамаша мүмкіндік береді. Іс-шараға қатысушылар даму үшін жаңа идеялар мен бағыттарды іздеуге серпін алып, іскерлік байланыстар орнатып, құнды тәжірибелерімен бөліскеніне сенімдіміз. Біз бұл форумды бір реттік іс-шара ретінде емес, оны бүкіл аймақ үшін тұрақты алаңға айналдыруды жоспарлап отырмыз», – деді Mastercard Орталық және Шығыс Еуропадағы мемлекеттік сектор жөніндегі вице-президенті Энгин Яшар.

Форум барысында ҚР Сауда және интеграция министрлігі мен Тәжікстанның Экономикалық даму және сауда министрлігі арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою рәсімі өткізілді. Меморандум аясында тараптар электрондық коммерция саласында ынтымақтасуға, цифрлық құралдардың көмегімен тауарлар мен көрсетілетін қызметтер саудасын дамыту мәселелерін қарауға, электрондық коммерциядағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесін зерделеуге, электрондық сауда платформаларын дамытуды қолдаудың мемлекеттік шараларын зерделеуге, кәсіпкерлік субъектілерінің цифрлық сауаттылығын арттыруға ниетті. Онда сондай-ақ, Өзбекстандағы электрондық коммерция мектебіннің және Қазақстандағы студенттерге арналған алғашқы есот-инкубатордың ресми іске қосылуы өтті. Іс-шараны Mastercard және IMPRO компаниясының қолдауымен ҚР Сауда және интеграция министрлігі ұйымдастырды.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
«Заң газеті»

# «АРЗАН СОТ ҚЫМБАТҚА ТҮСЕДІ...»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өйткені «Арзан сот мемлекетке қымбатқа түсетінін» көзі қарақты жұрт түсінсе керек.

Жалпы, жоғары кәсіби біліктілік, жауаптылық лайықты бағаланып, сәйкесінше табысы да жоғары болуы қажет. Адам өз жұмысын биік стандарттар мен талаптарға сәйкес, жоғары моральдық ережелерді сақтай отырып жүзеге асыруы үшін, жеткілікті түрде материалдық жақтан ынталандырылуы, толық қамтамасыз етілуі маңызды. Бұл ереже жеке еңбек нарығына ғана қатысты емес, сонымен қатар осы жауапты салаға жоғары кәсіби мамандарды тартуға ниетті мемлекеттік қызметтің де басты принципіне айналуы керек.

Көп жағдайда азаматтардың өз жұмысын сапалы орындауына жеке басының жауаптылығы мен адами қасиетінің биіктігі ғана емес, жұмысының лайықты бағалануы, өзі тұрақты алып отырған жоғары жалақысын сақтап қалсам деген ниеті түрткі боп жатады. Әрине, материалдық құндылыққа мән бермейтін, принципшіл адамдар бар. Бірақ, қызметке деген адалдық бәрібір лайық бағаланғанын әркім қалайды.

Сондықтан мемлекет алдына қойылған міндеттерді өз деңгейінде іске асыру үшін, осы жұмысты жүзеге асыратын адамдардың еңбегіне сай ақы төлеу және әлеуметтік қамсыздандыру бойынша пәрменді, тиімді шаралар қабылдауы тиіс. Қалыпты жұмыс істейтін сот билігі мемлекеттік биліктің тұтастығы мен тиімділігінің кепілі болып табылады.

Қазіргі судьялар өздерінің материалдық жағдайының төмендігін, әлеуметтік мәртебесінің қорғалмағанын ашық айта бермейді. Бұлай жасау ыңғайсыз болып көрінуі мүмкін. Ал мен жиырма бес жылдан астам мемлекеттік қызметте өтілі бар, оның ішінде 17 жыл судья болған адаммын. Бүгінде өзім қалаған салада еркін қызмет етіп жүрмін. Көп жыл сот саласында еңбек еткендіктен, басқа қызметте жүрсем де бұл саланың жұмысы мен мәселелері маған жақсы таныс. Сотта қызмет еткен жылдары пікір білдіру өте қиын, әрі ыңғайсыз болды. Ал қазір сот жанашыры ретінде өзіме белгілі

мәселелерді ашық айтқаным дұрыс шығар.

Судья – мемлекет өкілі, оның іс-әрекетіне қарап жалпы билікке баға беріледі. Сондықтан, судьяның бет-бейнесі, болмысы туралы айтқанда, оның қарапайым «өндірістік сала» қызметкері емес екенін, жоғары

ерлердің 63 жаста, әйелдердің 61 жаста зейнетке шығатыны бекітілген. Алайда бұл талапты судья лауазымына қолдану қате. Себебі, Қазақстан АХҚО шеңберінде республика аумағында тұрақты жұмыс істейтін сотқа 90 жастан асқан британдық Лорд судьяларды

...судьялардың еңбекақысына қатысты ұсынысты азаматтардың жылы қабылдай қоймайтыны байқалады. Тіпті, бұқаралық ақпарат құралдарында судьялардың еңбекақысы мен зейнетақысын біліктілігі жоқ жұмысшылардың, зейнеткерлердің табысымен салыстырып, айырмашылықты өзгеше түсіндіретіндер бар. Ақпараттық кеңістікте кең таралған: «неліктен судьяларға жоғары жалақы төленуі керек? Неге оларға жақсы зейнетақы берілуі керек?!» деген қитұрқы сұрақтардың да астарында зерттелмей айтылған ұшқары пікір жатыр. Осындай пікірлерді естігенде «Сіздерге арзан сот керек пе?» деп сұрағың келеді. Өйткені, «Арзан сот мемлекетке қымбатқа түсетінін» көзі қарақты жұрт түсінсе керек.

ры билік өкілеттігі бар шенеунік екенін ұмытпаған жөн. Судьяның құқығы да соншалықты көп емес, бірақ мантиямен бірге қабылдаған шектеулері жеткілікті. Мұндай жұмыс лайықты бағалануы керек және қызметінде де, одан кейін де әлеуметтік жақтан толық қорғалғаны абзал. Әрі бұл негізсіз, әшейін айтыла салған базаны емес. Мұндай ұсынысты Өмірсерік Қожабаев халықаралық тәжірибелерді зерттеп, уақыт елегінен өткен нәтижелерге сүйене отырып мақаласына негіз еткен.

Әрине, бұл дереу шешуді талап ететін жалғыз мәселе емес. Жоғарыдағы мақаланың авторы тек өкілеттігі тоқтатылғаннан кейін судья мәртебесін сақтайтын отставкадағы судьялардың тәуелсіздік кепілдігінің бір ғана тетігін қозғаған. Судьялар тәуелсіздігінің кепілдігін және судьялардың жоғары мәртебесін қамтамасыз етуде әлі де шешімін күткен мәселе көп.

Біздің елімізде әлеуметтік құқықтың жалпы талаптарына сай,

тартуда. Ал біздің көршіміз Ресейде судьяның шекті жасы 70 деп белгіленген. Шындығында нағыз тәжірибесі толысып, шеберлігі қалыптасқан уақытта судьяларды отставкаға жіберу көңілге қонымсыз.

Судьяның кәсіби қызметін атқару барысында денсаулығына келген кінәраттың орнын толтыру да өзекті мәселе. Әрине, өз қызметін атқару барысында сырқатқа шалдыққан судьяға өтемақы төленуі мүмкін екені «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» заңның 54-бабында көрсетілген. Алайда, бұл норманы іске асырудың нақты механизмі жасалмаған. Содан бөлар, мұндай жағдайға байланысты қалыптасқан статистикалық дерек жоққа тән. Ал бұл судьялардың кәсіби ауруының жоқтығының нақты көрінісі емес, керісінше, сот төрелігін жүзеге асыратын адамдардың кәсіптік ауруын белгілеу тәртібі мен негіздерін құқықтық реттеудің салдары.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 9-бабына сәйкес, кәсіптік



Судьялардың еңбек жағдайларының санитарлық-эпидемиологиялық сипаттамасы жасалмаған. Осыған байланысты ереженің 2-тармағы б) тармақшасында талап етілгендей, аурудың еңбек міндеттерін орындаумен байланысын белгілеу туралы қорытындыда өндірістік факторлардың ықпалын анықтау мүмкін емес. Соның ішінде: кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын белгілеу сараптамасы аурудың клиникалық көріністері арасында байланыстың болуы немесе болмауына себебін анықтау, медициналық тексерудің нәтижелері, пациенттің кәсіби бағыты және өндірістік факторлар санитариялық-эпидемиологиялық еңбек жағдайларының сипаттамасы назардан тыс қалып келеді.

Судьялардың еңбек жағдайымен тікелей байланыс туралы ереженің болмауына байланысты Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы жоғарыда аталған бұйрығын судьяларға қолдану мүмкін емес.

Судьяның жұмысы күрделі интеллектуалды еңбек қызметі болып табылатыны даусыз, өйткені міндеттері алуан түрлі, сондай-ақ жұмыс барысында көңіл-күйге теріс әсер ететін фактілер көп. Сондықтан еңбектегі ерекше шиеленіс пен жоғары моральдық жауапкершілік, ұзақ мерзімді эмоционалды әсер судья мамандығының стресске толы екенін айғақтайды. Мұндай жұмыстың судьяның денсаулығына теріс ықпал тигізеді даусыз.

аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын белгілеу сараптамасының қағидаларын әзірлеу және бекіту халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттығы саласындағы мемлекеттік органға жүктелген.

Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-301/2020 бұйрығында кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасының тиісті қағидалары бекітілген. Алайда, 1-қосымшада және ереженің өзінде, оны зерттеу нәтижелері бойынша, тек бір-екі жұмыс түрі судьяның жұмысына кәсіби сараптама жасауға мүмкіндік береді. Олар пернетақтадағы есептеу машиналарында жұмыс істеу (132) және компьютердегі жұмыстың көру қабілетіне әсері, содан кейін прогрессивті миопия жағдайында. Ал жоғары психоэмоционалды жүктемелер, судьялардың жүктеме нормативтерінің жоғарылауы құқықтық реттеуден тыс қалған. Осыған байланысты, жұмыс орнында инфаркт, қан кету және т.б. нәтижесінде судьяның кенеттен қайтыс болуына, сондай-ақ отставкадағы судьялар денсаулығының нашарлауына мамандықтың (еңбек қызметінің) тікелей әсері бары есепке алынбайды.

**Жанна СЕЙДАЛИНА, заң ғылымдарының кандидаты, «VOLASHAQ» академиясының доценті**

# ПАРА АЛҒАН ДА, ПАРА БЕРГЕН ДЕ - ҚЫЛМЫСКЕР

Сыбайлас жемқорлықтың залалы орасан. Елдің дамуына кедергі келтіріп, халықтың болашаққа деген сенімін төмендететін бұл індетпен күрес қай кезде де өзекті. Қазақстан да жемқорлық пен парақорлыққа қарсы жұмыста әлемдік стандарттарды, механизмдер мен институттарды басшылыққа ала отырып кешенді шараларды қолға алып келеді. Мемлекет басшысының жолдауларында, ел үкіметі қабылдаған бағдарламаларда сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі ескерусіз қалған емес. Бұдан бөлек, мемлекеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдардың негізгі қағидааттары, мақсаты мен міндеттері «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңда көрсетілген.



Жемқорлықтың тамырын тереңге тартып, қалыпты құбылысқа айналуы – қоғамның ел ертеңіне бей-жай қарауының нақты көрінісі. Себебі, өз отанының болашағына жаны ауыратын азаматтар жең ұшынан жалғасуға ешқашан жол бермейді. Қоғамда әділдік, тазалық, теңдік туралы сана қалыптастыра алғанда ғана жегіқұрттың жолы кесіледі. Сыбайлас жемқорлықтың жеңген, өмірінен парақорлықты сылып тастаған озық елдер тәжірибесі бізге жақсы үлгі, өнеге болуы керек. Дания, Финляндия, Сингапур, Малайзия, Швейцария, Нидерланд секілді өркениетті елдерде сыбайлас жемқорлықсыз қоғам әлдеқашан орнаған. Бұл мемлекеттерді парасыз ортаға айналдырған заңның пәрмені, азаматтық қоғамның белсенділігі, мемлекеттік қызметтің ашықтығы болса керек.

Сот, құқық қорғау органдарының басын қосқан кезекті бір жиында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жыл сайын Қазақстанда орташа есеппен 2 мыңнан астам сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстық іс тіркеледі. Мыңнан аса адам жауапқа тартылады. Бұл – батпандап кіріп, мысқалдап шығатын кесел. Осы ауруды қазір шұғыл түрде емдемесек, ертен кеш болуы мүмкін», – деген еді.

Расында, құқықтық түсіндіру жұмыстары жан-жақты жүргізіліп, жаза мен жауаптылықты күшейту бағытында ауқымды өзгерістер қолға алынғанымен, елімізде сыбайлас жемқорлыққа байланысты істі болғандар қатары кемімей келеді. Бұл жеңіл ақшаға, оңай табысқа құмарлардың көптігін көрсетеді. Әсіресе, мемлекеттегі лауазымды қызметкерлердің, ел алдында жүрген басшылардың сыбайластыққа бейімділігі, қызмет өкілеттігін теріс пайдалануы, пара алуы тыйылмай отыр. Мұның өзі саланы жемқорлықтан биік ұстау үшін тек заң тала-

бын күшейтіп, жазаны қатайтудың оң нәтиже бермейтінін көрсетеді.

Мемлекет сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жою үшін біріншіден, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын кең көлемде жүргізу керек. Пара алғандарды ғана емес, пара бергендерді де көпшілік алдында айыптап, әшкерелеудің әсері айрықша. Осы арқылы халық мысқалдап жиналған абыройдан бір сәтте айырылуға болатынын түсінуі шарт.

Екіншіден, сыбайлас жемқорлық деректері жиі орын алатын ортада мониторинг жүргізіп, қызмет алуды оңтайландыру маңызды. Өйткені, мемлекеттік қызмет алу жеңіл, оңтайлы, ыңғайлы болса, ешкім делдал іздеп, мәселесін пара арқылы шешуге тырыспайды.

Үшіншіден, сыбайлас жемқорлықпен күрес тек бір адамның, бір құрылымның күшімен шешілетін мәселе емес. Азаматтарды жемқорлықсыз қоғам құруға біріктіре білген абзал. Бұл ретте сыбайлас жемқорлық туралы шынайы, нақты ақпарат бергендерді ынталандыру тетіктерінің енгізілуі – мемлекет тарапынан қолға алынған дұрыс бастама екенін айта кеткеніміз жөн. Қоғамда жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидасын қалыптастыру шарт. Барлық мемлекеттік органдар осы бағытта жұмыс істеуі керек.

Төртіншіден, қоғамдық бақылауды күшейту, Парламенттің, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен мемлекеттік шешімдердің әділдігін, ашықтығын, қолжетімділігін қамтамасыз ету күн тәртібінде тұруы тиіс. Мұның бәрі өз кезегінде сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

**Бауыржан ШАЙДУЛЛИН, Ақтау қалалық сотының төрағасы**

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

**– Санғылбай Махатұлы, мемлекет кепілдік берген заң көмегі жайлы айта отырсаңыз. Азаматтар қандай заң көмектеріне жүгіне алады?**

– Елімізде сөз бостандығы, ой-еркіндігімен бірге адамдардың заңды құқықтары да қорғалған. Барлық іс-әрекет белгілі бір заңға, тәртіпке бағынады. Ал оны іске асыратын арнайы органдар бар. Осы ретте мемлекет елімізде заң үстемдігін күшейтуге, әділеттілікті бекемдеуге барынша күш салуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет екенін атап өткен болатын. Кентау қаласына қарасты аудан тұрғындарының заң тұрғысынан тегін көмек алуына мүмкіндік беріп жүрген мекеменің бірі – Кентау ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық бөлім филиалы.

**– Қарапайым халық көбіне қандай заңдық көмектерге мұқтаж?**

– Қаңтар оқиғасынан кейін құқықтық көмекке зәру болған қарапайым халықтың ең көп жүгінгені – адвокаттық қызмет. Осы оқиғалар кезінде, әсіресе тегін қызмет көрсететін адвокатқа сұраныс артқаны анық. Қазақстанда қазіргі таңда 5700-ден аса адвокат бар болса, соның ішінде Кентау қаласына қарасты 10 адвокат және 1 жеке дара адвокат қызмет жасауда.

**– Олардың қаншасы мемлекет кепілдік берген заң көмегі бағдарламасы бойынша жұмыс істейді? Тәуелсіз адвокатура құрудың алғышарты қандай?**

– Бүгінгі таңда қоғамымызда адвокаттың ақысыз қызмет көрсететінін біреу біліп жатса, екінші адамның одан мүлдем хабары жоқ болуы мүмкін. Себебі, орын алған істі тез шешудің жолы ретінде ақылы адвокаттың қызметіне жүгіну қажет деп түсінеді. Қазақстанда тұрып жатқан әрбір азаматтың білікті адвокат көмегін алуға құқығы бар. Осыған орай Кентау қаласына қарасты ауылдар мен елді мекендерді аралап тұрғындарға заң аясында кеңестер беріп келеміз. Жыл басынан бері Қарнақ, Байылдыр, Хантағы ауыл тұрғындарын жеке қабылдап, адвокаттың тегін көмек беретінін түсіндірдік. Жылдың соңына дейін Созақ ауылының тұрғындарымен кездесіп, олардың да көкейлерінде жүрген сұрақтарының шешімін табуына жол сілтейміз деген сенімдемін.

Ұлттық құқықты дамытудың басты бағыты ҚР Конституциясының құқықтық идеяларын іске асыру. Заңмен көзделген жағдайларда, заң көмегі тегін көрсетіледі. 2018 жылдың 5 шілдесінде «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңы қабылданғаны белгілі.

**– Адвокаттық және нотариаттық қызмет көрсетушілерге қандай талаптар қойылады?**

– Бүгінгі таңда «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңның 26-бабын халық арасында насихаттау қарқынды жүріп жатыр. Жыл

басынан бастап ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық бөлім филиалының қызметкерлері аумақтық адвокаттар, заң кеңесшісі, нотариустар және жеке сот орындаушылармен бірге Кентау қаласы және оған қарасты ауылдық округтердің, аудандардың жергілікті тұрғындары арасында іс-шара ұйымдастырылып, әрбір азаматтың көкейінде жүрген сұрақтарына заңға сәйкес жауап берілді. Сонымен қатар, адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу мемлекеттік қызметті көрсету қағидасына сәйкес әзірленген жадынамаларды таратып, түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Бұл іс-шаралар әлі де жалғасын тауып келеді.

**– Құқықтық көмек пилоттық жобасы жайлы не айтасыз?**

– «Құқықтық көмек» жобасы аясында қала және қалаға қарасты ауыл тұрғындары тәжірибелі заңгер-

**Санғылбай АХАТАЕВ, Түркістан облысы Кентау ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық бөлімі филиалының аға сот орындаушысы:**

# «ТЕГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕСКЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ»

лер мен білікті мамандардан кеңес ала алады. Әділет департаментінің өкілдері бастаған заң қызметкерлері, халықтың мәселелеріне назар аударып, оларға нақты бағыттарды нұсқап берді. Сондай-ақ, «АМАНАТ» партиясының жанынан құрылған «Құқықтық көмек» жобасы қазақстандықтарға тегін заңгерлік көмек көрсетуде. Партия өкілдері заң ұйымдарымен бірлесіп жұмыс істеу үшін арнайы меморандумға қол қойған болатын. Жоба аясында көпбалалы отбасыларға, аз қамтылған адамдарға, сондай-ақ алимент өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау мәселелері бойынша жүгінуге болады. Азаматтарға білікті мамандар заң аясында көмек көрсетеді. Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстанды құру жолында адам құқықтары мәселесіне баса мән беріп отырғанын атап өткен жөн. Осы мақсатта Конституциялық сот құрылып, Бас прокуратура мен Адам құқықтары жөніндегі үкілі конституциялық мәртебеге ие болды. Халық арасында құқықтық мәселелер өте өзекті. Соған байланысты, өңірде тұрғындардың құқығын қорғайтын «Құқықтық көмек» партиялық жобасы пилоттық режимде жұмыс жасауда.

Қазіргі таңда азаматтардың құқықтық қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында шалғайдағы ауыл тұрғындарын жаңа партиялық жоба аясында заңгерлер ауыл-ауылды аралап, халыққа арнайы құқықтық көмек көрсетуде. Әділдік пен заңның үстемдік құруы осындай нақты істерден басталады. Тұрғындарға қаржы және құқықтық мәселелер бойынша түрлі кеңестер де беріліп келеді.

Бүгінгі күні азаматтардың және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін адвокаттар мен заң консультанттар қорғай алады.

Адвокат көмек сұрап, өтініш жасаған тұлғаға кез келген заң көмегін

көрсетуге құқылы. Адвокат қорғаушы немесе өкіл ретінде заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қүзыретіне тиісті мәселелерді шешуге кіретін барлық соттарда, мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда қорғауға және білдіруге, барлық мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен заңды тұлғалардан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға құқылы.

**– Заң консультанттарына да түсінік бере кетсеңіз. Олар кімдер, көпшілікке олар қандай қызмет көрсетеді?**

– Жоғары заңдық білімі бар, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен, Заң консультанттары палатасының мүшесі болып табылатын және заң көмегін көрсететін жеке тұлға заң консультанты бола алады.

Заң консультанттарына қойылатын талаптар «Өзін-өзі реттеу туралы» заңда айқындалады. Сонымен қатар, Заң консультанттары палатасының мүшесі ҚР Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, палата жарғысының, қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін осы заңға, Қазақстан заңдарына, заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарына сәйкес жауапты болады.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін мемлекеттік органдар «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңда белгіленген тәртіппен, адвокаттар, заң консультанттары «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңда белгіленген тәртіппен, нотариустар «Нотариат туралы» заңда белгіленген жағдайларда және тәртіппен, жеке сот орындаушылар «Атқарушылық іс жүргізу және сот орын-

даушыларының мәртебесі туралы» заңында белгіленген жағдайларда және тәртіппен, әлеуметтік маңызы бар істер санатын орындау кезінде өтеусіз көрсетеді.

**– Мемлекет кепілдік берген заң көмегін тегін алуға болатын азаматтар жайлы таратып айтып берсеңіз.**

– Құқықтық ақпарат беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін тегін алуға барлық жеке және заңды тұлғалардың да құқығы бар. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңның 26-бабының 2-тармағына сәйкес, құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар тұлғаларды атап өтер болсақ – алимент өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке келмеген азаматтарға;

мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша сексуалдық зорлық-зомбылық, адам саудасы, терроризм актісі құрбандарына не азаптауларға ұшыраған құрбандарға;

асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға; жұмысына байланысты денсаулығының зақымдануынан келтірілген не қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға;

Ұлы Отан соғысына қатысушылар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, мерзімді қыз-

меттегі әскери қызметшілер, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша көпбалалы отбасыларға;

кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша көпбалалы отбасыларға;

кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша жан басына шаққандағы орташа айлық кірістері облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен табысы аз адамдарға (отбасыларға) осы ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

Ал, соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес ұйымдарда жеке тұлғалардың мүдделерін қорғау түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегі:

Қазақстанның әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа таратылатын адамға;

ҚР азаматтық процесілік заңнамасына сәйкес талап қоюшыға не жауапкерге және ҚР әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасына сәйкес талап қоюшыға;

ҚР қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға, жәбірленушіге осы заңда және Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

Алимент өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке келмеген азаматтарға, мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша сексуалдық зорлық-зомбылық, адам саудасы, терроризм актісі құрбандарына не азаптауларға ұшыраған құрбандар және асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғалар Қазақстан аумағында мемлекет кепілдік берген заң көмегін тұрғылықты жеріне және тұрған жеріне қарамастан алуға құқылы. Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғаның мүддесіне орай оның өкілі заңдарда белгіленген тәртіппен осындай көмек көрсету туралы өтінішхатпен жүгіне алады.

Ал, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы өтінішпен жүгінген тұлға өзінің құқығын растайтын құжаттарды ұсынуға, заң көмегін көрсету шарттарына ықпал ететін мән-жайлардың өзгергені туралы уақытылы хабар беруге, заң көмегін көрсету қажеттігіне негіз болатын ақпараттың анықтығын қамтамасыз етуге міндетті. Қазіргі уақытта мұқтаж азаматтарға құқықтық көмек көрсету мәселесі мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып табылатынын айта кету керек. Бұл ретте, азаматтарға құқықтық көмек көрсету құралдарының бірі өтеусіз негізде көрсетілетін құқықтық заң көмегі сондай-ақ, еліміздің азаматтарының құқықтық қолдаудың пәрменді әдістерінің бірі. Өз құқығыңызды қорғау үшін ең алдымен заңгерлердің кеңесіне жүгініңіз.

– **Өңгімеңізге рақмет.**

**Сұхбаттасқан  
Раушан НАРБЕК**

ПАЙЫМ

Талай тар жол, тайғақ кешуді бастан кешірген мемлекетімізде 1991 жылы тәуелсіздік таңы атты. Осылайша, халықтың ең асыл мұраты орындалып, біз үшін тәуелсіздіктің әр таңы қадірлі бола түсті. Егемен мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан бері ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қолжеткізе білді.

Санаулы ғана уақыттың ішінде аяғынан нық тұрып, шаңырағын тіктеп, босағасын бекіткен мемлекетімізде сот жүйесін дамытуда ауқымды реформалар қолға алынып, тың серпілістер жасалды. Мәселен, сот жүйесін қалыптастыру мен жетілдіруде «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі» туралы Конституциялық заңның маңызы зор. Аталған заңнамада Қазақстанда сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыратыны көрсетіліп, соттар мен судьялардың мәртебесі айқындалды. Сондай-ақ, ҚР сот жүйесін ҚР Жоғарғы Соты, ҚР Конституциясына және осы конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті және басқа соттар құрайтыны нақты-

# ХАЛЫҚ СЕНІМІНЕН АСҚАН ҚҰНДЫЛЫҚ ЖОҚ



ланды. Алқабилер институты енгізіліп, мамандандырылған соттар бой көтерді. Шын мәнінде, мамандандырылған соттардың құрылуы өміршеңдігін көрсетіп, сотқа деген сенімді арттырды. Осы орайда, әлемдік озық тәжірибе мен халықаралық стандарттарды ескере отырып, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданып, 2021 жылдан бастап әкімшілік соттар қызметке кіріскенін атап өткен жөн. Осы уақыт аралығында жаңа мүмкіндіктерге жол

ашқан жаңа кодекс пен әкімшілік соттар халық пен бизнестің сенім деңгейін арттыра білді. Мәселен, ағымдағы жылдың 6 айында тұрғын үй, салық және жер даулары бойынша әкімшілік істер өскендігі байқалады. Ал, статистикалық деректер бойынша, Республикада шешімнің 64% талапкерлердің пайдасына шығарылып, талаптардың 73% қанағаттандырылған. Татуласумен аяқталған істер де жоқ емес. Сонымен қатар, 276 ақшалай өндіріп алу қолданылса, шығарылған жеке ұйғарымдар 600-ге жуық.

Сот жүйесін жаңғырту жұмыстары жалғасып, судьяларды іріктеу талаптары күшейтілді. Ағымдағы жылдың қыркүйегінен бері ювеналды соттардың құзыреті артып, балалардың мүдделеріне қатысты заңдарды жекелеген ережелері нақтыланды. Одан бөлек, билер салған сара жол қайта жаңғырып, тәжірибеге медиация институты енгізілді. Ел арасында «Дау мұраты – бітім» деген асыл сөздің қадірі артып, татуласумен біткен істердің саны өсті. Аудан, қалаларда Билер кеңесі құрылып, сот ғимаратында құқықтық

қызмет көрсету орталықтары, медиатор кабинеттері, фронт-кеңселер ашылды. Осылайша, әрбір сотқа келушіге «бір терезе» арқылы қызмет көрсетіліп, қолайлы жағдай жасалды. Діттеген мәселесі бір жерден шешілген сотқа жүгінушілер уақыты мен қаржысын үнемдеуге мүмкіндік алып отыр.

Сонымен қатар, Судьялық әдеп кодексі қабылданып, қазыларымыздың жалпы мінез-құлық қағидаттары құжат бетінде нақтыланды. Ақпараттық технологиялар жетілдіріліп, сот залындағы процестердің барлығы дыбыс-бейнежазбаға таспаланды. Одан бөлек, талап қоюшы үйде отырып-ақ сот отырыстарына қашықтан қатыса алатын мүмкіндік алды. Бірнеше жылдан бері сотқа жүгінуші талап қою, өтініш, арыздарды «Сот кабинеті» арқылы жолдай отырып, қажетті құжаттарды да кеңседен шықпай, жедел алатын деңгейге жетіп отыр. Халықтың сотқа деген сенімін арттыру – басты құндылық.

**Жазыра МУХАМЕТОВА,  
Маңғыстау облысының  
мамандандырылған ауданаралық  
әкімшілік сотының судьясы**

САРАП

ПӘРМЕН

Мемлекеттің өркендеуі, халықтың әл-ауқатының артуы, қоғамның кез келген саласының дамуы – бірінші кезекте мемлекеттік қызметкердің еңбегіне тікелей байланысты. Дамыған елдердің тәжірибесі елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда мемлекеттік аппараттың кадрлық мүмкіндігі аса маңызды екендігін көрсетіп отыр.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТОЛЫҚТАЙ РЕФОРМАЛАНДЫ



А. ЖҰМАЕВ,  
Ақтөбе қаласы №2 сотының  
бас маманы- сот отырысының  
хатшысы

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік қызметінің институциялануының бастамасы ретінде 1995 жылы қабылданған заңдық күші бар «Мемлекеттік қызмет туралы» Елбасы Жарлығын атап өтуге болады. Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет жүйесінде оқытудың инфраструктурасы қалыптастырылған, оның құрамына ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, өңірлік қайта даярлау, біліктілігін арттыру орталықтары және тағы басқа білім беру мекемелері енеді.

Жаңа ғасырда – Қазақстанның алдында мықты экономика, саяси және әлеуметтік жүйені қалыптастыру бойынша жаңа міндеттер тұрды. Ол үшін қоғам сұраныстарына, заман талабына жауап беретін мемлекеттік қызмет моделін құру қажет болды.

Меритократия, тиімділік пен нәтижелілік, транспаренттілік пен қоғам алдында есеп беру ұстанымдарына негізделген мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуын 1999 жылы қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы» заңы қамтамасыз етті. Оған сәйкес, елдің бірыңғай кадрлық саясаты айқындалды, ал ең бастысы міндетті конкурстық іріктеуді енгізу арқылы азаматтардың мемлекеттік қызметке түсудегі тең қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша Конституциялық құқықтары жүзеге асырыла бастады.

Бүгінгі күні елімізде мемлекеттік қызмет толығымен жаңартылып, заман ағымына орай реформаланды. Мемлекеттік қызметке тұрудың заңмен бекітілген шарттарын екі топқа бөлуге болады: саяси мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік қызметке тұруы – тағайындау немесе сайлау негізінде, сондай-ақ өзге жағдайларда заңнамада белгіленген тәртіп және шарттарға орай жүзеге асырылады; мемлекеттік әкімшілік қызметке орналасу және мемлекеттік әкімшілік қызметкердің жоғары санатты қызметке тұру жолымен қызмет бабында жоғарылау бәсекелік негізде жүзеге асырылады. Азаматтар мемлекеттік қызметке тұру үшін мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

Қазақстан азаматтығына ие болуы; заңнамамен тиісті қызметке байланысты өзге талаптар белгіленбеген болса, жасының он сегізден кем болмауы; тиісті білімі, кәсіби дайындық деңгейі және қойылған біліктілік талаптарына сәйкестігі.

Мемлекеттік қызметшінің құқықтық жағдайына қызметшінің мемлекеттік қызметпен байланысты қызметі үшін белгілі бір шектеулер бекітетін нормалар кіреді. Осы негізгі шектеулер «Мемлекеттік қызмет туралы» заңның 13-бабында бекітілген. Мемлекеттік қызметкер:

өкілді органның депутаты болуға; педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, басқа да ақы төленетін қызметпен айналысуға;

кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, оның ішінде коммерциялық ұйымды басқаруға тікелей қатысу Қазақстанның заңнамасына сәйкес оның лауазымдық өкілеттіктеріне кірмейтін болса, ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, коммерциялық ұйымды басқаруға қатысуға құқылы емес;

өзі қызмет істейтін не өзіне тікелей бағынысты немесе өзінің тікелей бақылауындағы мемлекеттік органда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;

өзінің қызметтік жұмысын материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз етуге арналған құралдарды, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;

ереуілді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысуға; лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты азаматтар мен заңды тұлғалардың көрсетілетін қызметтерін жеке мақсаттарына пайдалануға құқылы емес.

Мемлекеттік қызметші заңнамамен бекітілген тәртіпте, қызметке қабылданғаннан кейін бір айдың ішінде осы адамға заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүлкікті жалдауға берілген мүлкікті қоспағанда, өз меншігіндегі, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлестерді, акцияларды және пайдаланылуы кірістер алуға әкелетін өзге де мүлкікті мемлекеттік қызметті өткеру уақытында Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен сенімгерлік басқаруға тапсыруы керек.

Мемлекеттік қызметшілердің әртүрлі санаттарының құқықтық жағдайының ерекшеліктері оларға жүктелген міндеттермен және қызметтік өкілеттіктер сипатымен, өздері қызмет ететін мемлекеттік органдардың қызметінің ерекшелігімен түсіндіріледі.

Мемлекеттік қызметті өтудің мән-жайлары өзгергенде мемлекеттік қызметшінің құқықтық жағдайы да өзгереді. Мысалы, қызмет бабымен көтерілу мемлекеттік қызметшіге қосымша өкілеттіктер, құқықтар мен міндеттер береді: қызмет бойынша қосымша шектеулер мен тыйым салулар, тәртіптік жазаға тартудың ерекше тәртібі бекітіледі.



Қоғамымызда ұл-қызының тағдырына салғырттық танытыны ата-аналар жетерлік. Соның салдарынан қаншама бала әке-шеше қамқорлығын сезінбеуде. Ел заңдарында ең бірінші кезекте бала құқығының қорғалуына басымдық берілген.

Ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағу жөніндегі міндеттері Конституция, сондай-ақ, Неке және отбасы туралы кодекс нормаларымен нақтыланған.

«Үйлену оңай, үй болу қиын» демекші, әртүрлі жағдайға байланысты ерлі-зайыптылар ажырасып жатады. Ортақ баласы болса, мәселе тіпті ушығады. Себебі, ажырасудың соңы бала тағдырына, алиментке тірелетіні жасырын емес. Осы тұрғыда айтар болсақ, заң талабына сай, кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағудың тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды. Бұған қоса олар жалпы, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, жоғары оқу орнында оқитын 21 жасқа дейінгі бала-

## АЛИМЕНТТЕН ЖАЛТАРҒАНДАР ЕЛДЕН КЕТЕ АЛМАЙДЫ

ларын күтіп-бағу туралы келісім жасасуға құқылы. Ата-ана баласын күтіп-бағуды ерікті түрде орындамаса, бұл қаражат сот тәртібімен өндіріледі.

Бала құқығы ата-аналар тарапынан қорғалмаса, іске қамқоршылық-қорғаншылық орган араласады. Яғни, аталған орган өкілдері сотқа кәмелеттік жасқа жетпеген балалардың ата-анасынан алимент өндіріп алу туралы талап-арыз бере алады.

Жоғарыда аталған кодекстің 169-бабы 1-тармағына сәйкес, алимент төлеу туралы келісімнің немесе атқару құжатының негізінде өткен кезең үшін алимент өндіріп алу атқару құжаты не осы кодекстің 158-бабында көзделген алимент төлеу туралы келісім табыс етілгенге дейінгі үш жыл ішінде жүргізіледі. Алимент жалақыдан немесе өзге де кірістерден қатарынан үш ай бойы өндірілмесе, борышкердің өндіріп алуға болмайтын мүлкінен басқа мүлкінен өндіріледі. Мұндай кезде борышкер иелігіндегі мүлік анықталып, алимент нысаны белгіленеді. Дер уақытында төленбеген алиментті баланың кәмелеттік жасқа толып кеткен кезінде де өндіріп алу мүмкіндігі заңмен қарастырылған. Алимент төлеуге міндетті борышкер кешіктірген әрбір күні үшін төленбеген алимент сомасының оннан бір пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлзын төлейді. Осы заңмен алынатын уақытылы төлемеген адамнан кешіктіруден келтірілген бүкіл залалды, сондай-ақ

тұрақсыздық айыппұлзымен жабылмаған бөлігін де өндіріп алу нақтыланған.

Алимент төлеуші шет елдерге уақытша немесе тұрақты тұруға кетсе де, баланы күтіп-бағу қаражатын беруге міндетті. Егер борышкердің алиментті төлегенін растайтын құжаты болмаса, оған Қазақстаннан тыс аумаққа тұрақты тұру үшін кетуге рұқсат берілмейді. Сот шешімі бойынша балаларын күтіп-бағу қаражатын үш немесе алты айдан астам төлемеу Қылмыстық кодекстің 139-бабына сай алты жүз сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға әкеп соғады.

Бүгінде ата-аналар жауапсыздығы алиментті өндіріп алуда үлкен мәселе туындатуда. Көп жағдайда алимент өндіруге негізделген заңды шешімдердің орындалуы созбалаңға салынады. Ал заңды сот шешімі орындалмайынша, адам құқығы қорғалды деп тағы айта алмаймыз. Бұл өз кезегінде азаматтар тарапынан сотқа деген кері көзқарас қалыптастыратыны анық жағдай. Бала алдындағы міндетін өтеу ата-ана міндеті. Сондықтан, олар некені бұзу туралы талап бергенде өз тағдыры мен мүддесін емес, балаларының да болашағын ұмытпауы тиіс.

Бауыржан ЛЕСБАЕВ,  
Бостандық аудандық сотының судьясы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ҚЫЗМЕТ

## РЕСМИ ҚҰЖАТТАРҒА АПОСТИЛЬ ҚОЮ РЕТІ

Өңірімізде «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметін ҚР Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті көрсетеді.

«Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметінің қызмет Ережесіне сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде болып табылады.

Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру:

- 1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы (мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз түрінде);
- 2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы (мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) жүзеге асырылады. Ішінара автоматтандырылған деуіміздің себебі – көрсетілетін қызметті алушы электрондық нысанда ұсынған ресми құжаттың түпнұсқасын тексергеннен кейін қызмет көрсетуші көрсетілетін қызметті алушы тағайындалған уақытта ресми құжаттың түпнұсқасын ұсынғаннан кейін ғана құжатқа апостиль қояды.

Аталған мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға да, заңды тұлғаларға да ақылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін мемлекеттік баж «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекстің 615-бабының 7) тармақшасына сәйкес әрбір апостиль қойылатын құжат үшін 0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алынады. (АЕК:2 = 3450; 2 = 1725 теңге).

қолтаңбасымен куәландырылған электрондық өтініш;

2) апостиль қою үшін ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі);

3) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі, ЭУТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда);

4) көрсетілетін қызметті алушының тегінің, атының, әкесінің атының (бар болса) ауысқаннан растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі, егер ауысым Қазақстан аумағында 2008 жылдан кейін тіркелген болса, құжаттың көшірмесі ұсынылмайды).

Егер азаматтық хал актілерін тіркеу 2008 жылдан кейін Қазақстан аумағында жүргізілген болса, жеке басты куәландыратын, тегінің, атының, әкесінің атының ауысқанын растайтын құжаттар туралы, сондай-ақ бюджетке мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат (ЭУТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Шахтинск қалалық сотының баспасөз қызметі  
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

БІЛГЕН ЖӨН

## АДВОКАТ АҚЫСЫЗ КӨМЕК БЕРЕДІ

Сот алаңында азаматтардың бәрі тең. Әрі тараптың өз құқығын қорғауына теңдей мүмкіндік ұсынуға мемлекет тарапынан жан-жақты көңіл бөлінген. Халықтың әлеуметтік осал тобын тегін заңгерлік көмекпен қамтамасыз етуге мемлекет тарапынан арнайы қаржы қарастырылады. Өкінішке қарай, адвокаттың ақысыз қызмет көрсететінін біреу білсе, кейбіреулер бұл игіліктен мүлде бейхабар.

Адвокаттың тегін заңгерлік көмегін алимент өндіру, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау, оңалту, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселесі бойынша жеке тұлғалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандар ала алады. Сондай-ақ, жыныстық зорлық-зомбылық, адам саудасы, лаңкестік актісінің құрбаны болғандарға да мемлекет тарапынан тегін заңгерлік көмек көрсетіледі. Бұған қоса, асыраушының қайтыс болуына байланысты келтірілген зиянды өтеу бойынша жеке тұлғалар; еңбекпен байланысты денсаулығына зиян келтірілген немесе қылмыстық құқықбұзушылықты өтеу мәселесі бойынша жеке тұлғалар; Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер бойынша теңестірілген Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылар, сондай-ақ басқа мемлекеттердің аумағындағы соғыс қимылдарының ардагерлері, мерзімді әскери міндеттілер, бірінші және екінші топтағы мүгедектер, зейнеткерлер жасы бойынша, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша тегін заңгерлік қызметке өтініш бере алады. Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша көпбалалы отбасылар; табысы аз қамтылған азаматтардың да тегін заңгерлік көмек сұрауына құқылы екенін ескерте кеткеніміз жөн.

Н.ТОҚТАСЫНОВА,  
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық сотының  
бас маманы



